

## Туристік қызметті лицензиялау мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 ақпан N 179. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.*

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . < \* >  
2 . < \* >

*Ескерту. 1,2-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.09.14. N 1213*

қаулысымен

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1 ) < \* >

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне лицензия беруге уәкілетті мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесі мынадай мазмұндағы 36-тармақпен толықтырылсын:

"36. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі туристік қызмет";

3 ) < \* >

*Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 , 1)-тармақшаның күші жойылды - 2006.03.15. N 168 қаулыларымен .*

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2000 жылғы

**Туристік қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын және шетелдік туристер Қазақстан Республикасының аумағында қабылдау мен қызмет көрсету, шетелге туристік сапарларды ұйымдастыру, транзиттік туристерге қызмет көрсету (жеке адамдардың гид-аудармашы, нұсқаушы, методист және топты алып жүруші қызметін көрсетуінен басқа) жөніндегі туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуға үміткер өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналар болып табылады:

1) тиісті білім деңгейіне жауап беретін немесе туризм саласында бір жылдан кем емес практикалық жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлердің болуы;

2) әзірленген туристік бағыттар мен туристік қызмет көрсету бағдарламасының болуы;

3) туристерді қабылдау және қызмет көрсету үшін материалдық-техникалық базаның (немесе ниет шарттарының), оның ішінде орналастыру орындарының, туристік жабдықтардың, көліктің, туристік ұйымның кеңсесіне арналған үй - ж а й д ы н ң болуы;

4) жарнамалық-ақпараттық қызмет бағдарламасының болуы;

5) сақтандыру ұйымдарымен туристік қызметті сақтандыру туралы және жолаушыларды тасымалдаушылармен жасалған шарттардың (ниет шарттарының ) болуы .

2. Тиісті білімі немесе арнайы курстарды бітіргені туралы құжаттың болуы гид-аудармашының, нұсқаушының, методистің және топты алып жүрушінің қызметіне қойылатын біліктілік талабы болып табылады.